

## ҚҰС ЕТІ НАРЫҒЫ: ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ, ИМПОРТ, ЭКСПОРТ

## POULTRY MEAT MARKET: WORLD EXPERIENCE, IMPORT, EXPORT

## РЫНОК МЯСА ПТИЦЫ: МИРОВОЙ ОПЫТ, ИМПОРТ, ЭКСПОРТ

**С. ӘБИЛДАЕВ\****Ph.D докторы***Г. АМАЛБЕКОВА***Э.Ф.К.***Д.Б. МУРАТОВА***Э.Ф.К.**М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан**\*автордың электрондық поштасы: sultan\_feb@mail.ru***S. ABILDAEV\****Ph.D***G. AMALBEKOVA***C.E.Sc.***D. MURATOVA***C.E.Sc.**M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan**\*corresponding author e-mail: sultan\_feb@mail.ru***С. АБИЛДАЕВ\****доктор Ph.D***Г. АМАЛБЕКОВА***К.Э.Н.***Д.Б. МУРАТОВА***К.Э.Н.**Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан**\*электронная почта автора: sultan\_feb@mail.ru*

Аңдатпа. Құс өнімдері барлық континенттерде танымал. Экономикалық факторлардан басқа (ең арзан) құс еті денсаулыққа пайдалы, қоректік, қауіпсіз және басқа ет өнімдерінің арасында қол жетімді. *Мақсаты* – оның дамуының негізгі тенденцияларын талдау негізінде елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету контекстінде құс еті нарығының басым бағыттарын әзірлеу. Зерттеу нысандары – құс етінің әлемдік өндірісінің экономикалық процестері. Келесі *әдістер* қолданылған – дерексіз-логикалық, салыстырмалы талдау, экономикалық-статистикалық. *Нәтижелері* – республиканың осы кіші кешенінде және әлемде қалыптасқан ахуал талданған. Саланың тауарлық-географиялық құрылымының ерекшеліктеріне назар аударылды. Халықаралық сауда тәжірибесі, баға факторлары зерттелген. Импорт пен экспорттың құрамы мен құрылымы белгіленді, отандық ет өнімдерінің осы түрі көлемінің, сондай-ақ экспорттың өсуін тежейтін өлшемдер анықталған; тауарлар ассортиментін кеңейту жөнінде ұсыныстар берілген. Авторлар өндірістік қуаттарды жаңғырту қажеттігін айтады. Жеңілдетілген несиелеу негізінде мемлекеттік қолдаудың маңыздылығы көрсетілген. Осы саладағы кәсіпорындарды салық салудан босатуды, азық-түлікті сертификаттауға қаржылық көмекті, инвесторларды ғылыми зерттеулерге тартуды, жаңа жабдықтармен жабдықтауды, экологиялық таза органикалық өнімдерді алу технологияларын жетілдіруді талап ететін проблемалар анықталды. Құс еті нарығын дамыту экономикалық тұрғыдан тиімді және оны Қазақстанда кеңейту үшін айтарлықтай әлеуетті мүмкіндіктер бар. *Қортындылар* – дамып келе жатқан экономикалық ортада бизнестің бәсекеге қабілетті болуы маңызды екендігі негізделген. Қазіргі уақытта өндірушілер әлемдік экономикаға қатысудың артықшылықтарын түсінеді. Осы мақсатта нормативтік базаны жетілдіріп, қазақстандық өнімнің халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету қажет. Құс еті өнімдерін өндірушілер үшін сапалы шикізатты қол жетімді ету қажет. Ол үшін селекциялық-генетикалық орталықтардың отандық базасын дамыту арқылы қажетті мал басын өсіру керек, бұл тұтыну нарығында азық-түлік спектрін кеңейтуге мүмкіндік береді.



**Кіріспе.** Елімізде құс өсіру ауыл шаруашылығында маңызды орын алады және қазіргі уақытта Қазақстандағы құс шаруашылығының даму қарқыны халықаралық бәсекелестік аясында үдеп келеді. Ауыл шаруашылығы саласының басты міндеті – елімізді негізгі азық-түлік өнімімен толық қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығын технологиялық тұрғыдан қайта жабдықтауды қолдау, ауыл шаруашылығын субсидиялау саясатын өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік саясатпен ұштастыру. Соның арқасында ауыл шаруашылығы ұлттық экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналатын болады [1].

Саланың макроқорсеткіштері Қазақстанда құс шаруашылығымен айналысу экономикалық тиімді болып келе жатқанына дәлел.

Саланың одан әрі даму келешегі келесі фактілермен расталады: өнеркәсіп өндірісінің жоғары үлесі; елде жеткілікті жемшөп базасының болуы; отандық өндірісті және құс өнімдерінің экспортын қарқынды ұлғайтуға мүмкіндік беретін ет тұтынудың жалпы құрылымында әлемде құс етін тұтынудың тұрақты өсуі; жұмыртқа мен құс етін терең өңдеуді енгізу; қалдықсыз өндірісті дамыту мүмкіндігі; жемді конверсиялау есебінен инвестицияның жылдам қайтарылуы.

Әлемдік нарықты дамытудың нақты перспективаларын ескере отырып, бәсекеге қабілетті өнімдер шығару арқылы республика тұрғындарын жұмыртқамен, құс етімен толық қамтамасыз етуге, сондай-ақ, экспортқа құс етін жеткізу көлемін ұлғайту арқылы қол жеткізуге болады. Сол себепті құс өнімі кешені шаруашылықтарын, жалпы алғанда саланың толықтай бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету өзекті мәселелердің бірі болып табылады [2].

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Құс етінің өндірісі республиканың оңтүстік

өңірінде барынша дамыған және жалпы өнімнің 91% құрайды. Солтүстік өңір жұмыртқа өндіруден көш бастап тұр (45%). Құс шаруашылығындағы ең төменгі көрсеткіштерді Батыс өңірі көрсетіп отыр. Орталық өңірге құс шаруашылығын табысты дамыту үшін мемлекеттік қолдау қажет.

Қазіргі уақытта бәсекеге қабілетті құс өнімдерін өндіру үшін тек заманауи технологияларды қолдану арқылы жемдік құрамын мұқият құрастыруды, қажетті вакцинацияны, балапандарды инкубациялау талаптарын сақтауды, құс қораларында бақыланатын жарықтандыруды қамтамасыз етуді және озық жабдықтарды пайдалануды талап етеді.

Бұл еліміздің құс өсірушілеріне айтарлықтай өндірістік табыстарға қол жеткізіп, өнімдерін әлемдік нарықтарға экспортқа шығаруға мүмкіндік береді. Жалпы, 2017 жылмен салыстырғанда (180 мың тонна) 2021 жылы (272 мың тонна) өндірілген құс етінің көлемі 92 мың тоннаға немесе 51,1%-ға өскен.

Аймақтық аспектіде Алматы облысы көш бастап тұр, Шығыс Қазақстан Ақмола, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды және Жамбыл облыстары құс етін өндіруде зор үлестерін қосуда. Айта кету керек, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары Қазақстанның үш облысында ғана құрылған: Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Павлодар облыстарында. Сонымен, жоғарыда аталғандай, бүгінгі таңда Қазақстанның құс етіне деген қажеттілігі отандық өніммен толық қамтамасыз етілген [3].

**Нәтижелер және оларды талқылау.** Әлемдік және қазақстандық құс өнімі кешендерінің қызмет етуі мен дамуына әсер ететін нарықтық факторларды талдаймыз (1 кесте).

1 кесте – Әлемдегі ет өндіру (сойыс салмағы), млн т

Еттің түрі	2017ж.	2018ж.	2019ж.	2020ж.	2021ж.	2021ж.	
						2017ж. қатынасы, %	2020ж. қатынасы, %
Сиыр еті	56,3	57,7	58,6	57,7	57,8	2,6	0,2
Құс еті	91,1	92,8	97,2	99,1	99,1	8,8	0
Шошқа еті	111,1	111,9	101	95,8	106,1	-4,5	10,8
Барлығы	258,5	262,5	256,9	252,5	263	1,7	4,2


Ескерту: әдебиет көзі бойынша құрастырылған [4]

1 кестеде көрсетілгендей, соңғы 5 жылда құс етінің әлемдік нарығы басқа ет нарықтарына қарағанда қарқынды дамыды. Ол дүние жүзіндегі жалпы ет өндірісінің

29,3% құрап отыр. Соңғы 5 жылда дүниежүзілік құс етін тұтынудың жылдық өсу қарқыны шамамен 2%-ды құрады.

Сарапшылардың пікірінше, 2026 жылдың соңына қарай құс еті әлемдегі жалпы ет өндірудің ішінде бірінші орынға шығады (1 сурет). Құс еті басқа еттермен салыстырғанда қысқа өндірістік циклі, жоғары жемді конверсиялау қарқыны, төмен өнді-

рістік шығындар және төмен баға, сондай-ақ сиыр еті үлесінің төмендеуіне байланысты ақуыздың ең арзан көзіне айналды. Нәтижесінде, ол әлемнің барлық елдерінің сұранысына ие болады.



Ескерту: әдебиет көзі бойынша құрастырылған [қараңыз 4]


1 сурет – Әлемдік құс еті өндірісінің 2026 жылға қатысты болжамды өсімі (болжаммен)

Дамушы елдер құс еті өнімі өндірісін 13%-ға ұлғайтып, дамыған елдерде 8%-ға жуық өсті. Құс етін тұтыну негізінен дамушы елдерде артқандығы байқалады. Сондай-ақ, алдағы онжылдықта дамушы елдердегі құс етін өндіру мен тұтынудың артуы негізінен халық санының жылдам өсуіне байланысты болады.

Ең ірі өндірушілер – АҚШ (18,1%), Қытай (16,2%), Бразилия (11,8%). Сондай-ақ, әлдеқайда аз көлемде болса да, Ресей (4,1%), Мексика (2,6%) және Үндістан (2,5%) ең ірі өндірушілердің қатарында. Бұл елдердің құс етін өндірудің жалпы көлемі әлемдік өндірістің 55%-дан астамын құрайды.

Алдағы онжылдықта құс етінің экспорты дамушы елдердің үлесінде болып, трендке айналады. Импорнтталған құс етіне сұраныс жыл сайын 3,2%-ға өсіп, 2026 жылға қарай 17 млн тоннаға жетеді деген болжам бар. Бұл өсу негізінен Азия, Таяу Шығыс және Африка елдеріне тиесілі деп күтіледі.

Қазіргі уақытта дүниежүзілік құс етінің өндірісінде негізгі бөлігін бройлер еті – 77%, күркетауық – 5%, үйрек – 4%, қаз – 3%, басқа құс еті (тауық, бөдене, теңіз құстары, қырғауылдар) қалған 11% құрайды (2 сурет).



Ескерту: әдебиет көзі бойынша құрастырылған [қараңыз 4]

2 сурет – Әлемдік құс еті өндірісінің құрылымы, %

Бройлер етін (18,6 млн тонна) және күркетауықты (2,6 млн тонна) өндіру бойынша әлемдік көшбасшы – АҚШ. Қытай үйрек (3,0 млн тонна) және қаз етін (2,6 млн тонна) өндіруде алдыңғы қатарлы өндіруші болып табылады. Жалпы ет балансына айтарлықтай әсер ететінін ескерсек, бройлер етінің әлемдік нарығы ерекше назар аударуды қажет етеді.

Одаққа мүше мемлекеттер арасында құс етін тұтыну бойынша көшбасшылар Беларусь (34,5 кг) және Ресей (28,5 кг) болып табылады, олардың көрсеткіштері орташа еуропалық деңгейден (23,9 кг) жоғары. Қазақстанда (14,0 кг) құс етін тұтыну орташа еуропалық деңгейден төмен, бірақ әлемдік деңгейден жоғары (13,8 кг). Армения (10,3 кг) мен Қырғызстан (7,4 кг) құс етін тұтыну бойынша әлемдік орташа көрсеткіштен төмен, Беларусь пен Ресейден 3 есе дерлік артта қалды.

Үшінші елдерге құс етін негізгі жеткізуші Ресей – тұтастай алғанда мүше мемлекеттердің жалпы жеткізілімінің 99,97%-ын алып отыр. Құс етінің әлемдік нарыққа экспортын арттырудың айқындалушы факторларының бірі өндірістің өзіндік құны және халықаралық санитарлық-ветеринарлық талаптар мен стандарттарға сәйкестігі болып табылады. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерде ет өнімдерін тұтынудың әртүрлі нормалары бар, Қазақстанда бұл нормалар ең төмен, Беларусьте, керісінше, ең жоғары. Құс еті үшін орташа норма ретінде жылына бір адамға 30 кг болатын норманы алуға болады.

Ал, ішкі нарыққа құс етін жартылай импорттаушы Қазақстанға келетін болсақ, соңғы бес жылда Қазақстанда құс етін өндіру көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 57%-ға өсті, 2021 жылы 283 мың тонна құс еті өндірілді (2 кесте).

2 кесте – Қазақстандағы құс етінің нарығы, мың тонна

Көрсеткіштер	2017	2018	2019	2020	2021
Өндіріс, барлығы	180	192	222	235	272
Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары	170	182	194	228	276
Экспорт	11	8,7	13,7	12,5	24
Импорт	172	191	173	182	168
Тұтынылғаны, барлығы	341	374	381	405	416
Тұтыну, кг	18,8	20,3	20,5	21,4	21,1
Импорттың үлесі, %	50	51	45	45	36

Ескерту: әдебиет көзі бойынша құрастырылған [5]

2021 жылы ішкі тұтыну көлемі 416 мың тонна құс етін құрады. Қажеттіліктің 64 пайызын отандық құс фабрикалары қамтамасыз етеді. Тұтынудың 36%-ы Ресей Федерациясынан, Беларусьтен, АҚШ-тан әкелінген өнімдердің есебінен жабылады. Қазіргі уақытта нарықтың ірі өндірушілері құс етін өндіруді кеңейтуге бағытталған бірнеше жобаны жүзеге асыруда. Атап айтқанда, Ақмола облысындағы Макинский құс фабрикасының үшінші легі іске қосылады. Өндірістің өсуімен қатар, құс еті мен құс өнімдерінің экспорты айтарлықтай арттыру жоспарлануда. Осы ретте құс етінің экспорты үшін Қытай нарығы ең перспективалы екендігін атап кету керек [6].

Еттің барлық түрлерінің негізгі өндірушілері үй шаруашылықтары болып табылады, оларда ірі қара малдың 82,4%, қой мен ешкінің 70,2%, шошқаның 78,6%, жылқының 72% және құстың 47,6% бар [7,8]. Құс басының негізгі бөлігі Алматы, Ақмола, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарында шоғырланған.

2005-2021 жылдары Қазақстанда шаруашылықтардың барлық санаттарында құс басының тұрақты өсімі байқалды. Дегенмен, еліміз осы уақытқа дейін 1990 жылғы межеге жете алмады. Мәселен, барлық санаттағы шаруашылықтардағы құс басы 2021 жылы 1990 жылға қатысты 58 пайызды құраса, ет өндіру көлемі 1990 жылғы өндіріс көлемінің 61,2 пайызына ғана жетті. Осылайша, соңғы жылдары құс етін өндіруде айтарлықтай ілгерілеушілікке қарамастан, құс етіне импорттық тәуелділік деңгейі жоғары болып қалуда [9.10].

Ресейге қарсы санкциялар отандық ауыл шаруашылығы өндірушілерінің импорттық технологияларға, құрамдас бөліктерге, асыл тұқымды малға және құс етіне тәуелділігін анықтады – бұл барлық сатып алудың жартысын құрайды. Ресей тамыз айының соңына дейін ЕАЭО елдеріне астық экспорттауға тыйым салады. Фермерлер жем тапшылығына тап болуы мүмкін. Жыл сайын бізге IV және V класты астық шамамен 650-700 мың тонна қажет.

Қазақстанда құс өсіруге астықтың бір ғана бөлігі бар. Фермерлер қалғанының бәрін шетелден сатып алады. Бұл асыл тұқымды құс еті, вакциналар, витаминдер, құрал-жабдықтар және т.б. Бір орында жұмыртқалайтын тауықтардың инкубациялық жұмыртқаларының 60-70%-ы Ресейден сатып алынады. Сонымен қатар ол солтүстік көрші арқылы өткендіктен басқа елдерден транзит қиындауы мүмкін. Жұмыстың тапшылығына байланысты жергілікті тауар өндірушілер мал басын азайтуы мүмкін.

Жағдайдың ушығуына байланысты мемлекет қолда бар субсидияларды сақтап қалуы керек. Әйтпесе, шаруалар шығынмен жұмыс істейді, бұл да өндірістің құлдырауына әсер етеді. Өндірушілер субсидияға мұқтаж. Қазіргі ахуалға байланысты мемлекет Қазақстан құс өсірушілеріне қол-

дау көрсеткен жағдайда 2027 жылға қарай ішкі нарықтың құс етіне сұранысын 100%-ға қамтамасыз етеді деген болжам бар.

Санкциялар «соғысы» жағдайында құс шаруашылығы кешенін одан әрі дамыту мәселесі отандық құс шаруашылығы ұйымдарының тұрақты бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізген жағдайында ғана сәтті шешілуі мүмкін. Құс шаруашылығы кешенінің ресурстарын тиімдірек пайдалану қажет. Дегенмен, бірқатар мәселелерге байланысты қазіргі уақытта инновациялық техникалық, технологиялық және маркетингтік шешімдерді кеңінен қолдану негізінде неғұрлым қарқынды жаңғыртуды талап етеді. Салаға бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуды бақылайтын инвестициялық қызметтің басымдылығын осыдан көруге болады (3 кесте).

3 кесте – Құс етін өндіретін шаруашылық кешеннің мәселелері

Мәселелер	Ұсынылатын шешімдер
Кейбір құс шаруашылығы ұйымдарының рентабельсіздігі, жеткіліксіз қаржыландыру, несиелеудің жеткіліксіздігі, өнімді өткізу проблемалары, кейбір салалардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі	Мемлекеттік салалық жоспарлау, жеңілдетілген несиелендіру және қосалқы жобалар, протекционизм Ауыл шаруашылығы нарығын реттеу, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халықтың сатып алу қабілетін қамтамасыз ету Ірі ауыл шаруашылық кластерлерін құру, ұзақ мерзімді арзан несиелер беру Интенсивті егіншілікке көшу
Агроөнер кәсіпке шенінің тұрақсыз дамуы	Агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік экономикалық реттеу
Төмен еңбек өнімділігі	Мақсатты қаржылық қолдау
Өңірлер арасында тауар ағымын үйлестірудің жоқтығы	
Басқарылмайтын бәсеке	Аймақтық агроөнеркәсіптік кластерлерді құру
Ескерту: қазіргі ахуалды зерделеу негізінде авторлардың құрастыруы [11,12]	

Қазақстанда құс шаруашылығын одан әрі дамытуды тежейтін негізгі проблемалар:

- өнімділігі, оның ішінде асыл тұқымды етті бағыттағы асыл тұқымды құстардың жалпы құс басы құрылымындағы үлес салмағының төмендігі;
- мамандандырылған құс ет тұқымдарын өсіру үшін бірінші ретті репродукторлардың болмауы;
- бройлер құс фабрикаларының тұтынушылық сұранысын қанағаттандыра алатын құстың мамандандырылған етті тұқымдарын өсіруге арналған асыл тұқымды шаруашылықтар санының аз болуы, сондай-ақ ауыл тұрғындарының инкубациялық жұмыртқа мен тәуліктік төлге тұтынушылық сұранысын қанағаттандыра алмау;
- құс шаруашылығы кәсіпорындарының техникалық және технологиялық жақтандыру деңгейінің төмендігі (респуб-

лика бойынша тұтастай алғанда бройлер өндірісінің қуаттылығы 60-70%-ға пайдаланылады);

- өнімді кешенді және терең өңдеуді қамтамасыз ететін қалдықсыз өндіріс технологиясы бар кәсіпорындардың аз болуы;
- құс шаруашылығы кәсіпорындарының теңгерімді жеммен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі;
- аздаған құс етін ұстауға арналған шағын габаритті құрал-жабдықтарды алудың қолжетімсіздігі;
- шағын құс шаруашылығын жедел дамыту бойынша қызметтер кешенін орталақтандырылған түрде көрсететін және құс өсірушілерге білікті консультациялық көмек көрсету тетіктерінің болмауы [13].

Отандық өнімнің төмен бәсекеге қабілеттілігі дәнді дақылдар бағасының күрт секіруі нәтижесінде қалыптасқан жем

құрамдас бөлігінің жоғары құнымен байланысты. Бидай, соя ұны және жүгері негізгі азық құрамдастары болып табылады, олардың өзіндік құнының 60% құрайды.

Сондай-ақ тиімді дәрумендер мен минералды қоспалар және премикстердің отандық өндірісінің мүлдем жоқтығын атап өткен жөн. Барлық қоспалар шетелдік өндірушілерден сатып алынады, ал оларды сатып алу құны жем құнының 10%-ына дейін құрайды.

Құс шаруашылығы кәсіпорындарының баланстық және экономикалық көрсеткіштерін талдау негізінде өнімнің өзіндік құны баптарының келесі орташа номенклатурасы қалыптастырылады:

- жемнің құны – 65%;
- электр энергиясы, жылу, су – 10%, еңбекақысы – 7%;
- үй-жайлардың тозуы, тауарлық-материалдық құндылықтардың тозуы – 5%, ветеринариялық препараттар – 5%;
- құстардың өлуінен болатын шығын – 5%-ға дейін, көлік құралдары – 2%-ға;
- үстеме шығындар – 1% [14].

Шаруашылық ішілік шығындарды талдау шығындар құрылымында ең көп үлесті (60%-дан астам) жем, электр энергиясы, жылу, су (10%-ға дейін) және қызметкерлердің еңбекақысы (7%-ға дейін) алатынын көрсетеді.

Құстарға арналған құрама жемнің негізін бидай мен жүгері (50-ден 70%-ға дейін) құрайтындықтан, сала мезгіл-мезгіл дөнді дақылдар бағасының көтерілу проблемасына тап болады. Құс шаруашылығында әдетте бидайдың 3-4-сыныптары қолданылады. Бұл өндірушілерге жаңа рецептерді әзірлеуге қиындық тудырады, әсіресе ДСҰ-ға мүше елдермен бәсекелестіктің күшеюі және құс етінің ЕО және Азия нарығына шығу перспективасы жағдайында маңызды [15].

Осыған байланысты өнеркәсіптік құс шаруашылығы бойынша, құс етін өндірудің өзіндік құнын төмендету үшін келесі шараларды ұсынамыз:

■ құрама жем өндірісі үшін шикізатты сатып алуды оңтайландыратын, оларды тасымалдау құнын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік беретін құрама жемнің меншікті өндірісін қоса алғанда, жемшөп базасын қалыптастыру;

■ электр энергиясын, газды, суды тұтынуды есепке алу, сондай-ақ материалдық және отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеуге көмектесетін озық ресурс үнемдейтін технологияларды енгізу;

■ тиімді технологияларды енгізу, жабдықтарды жаңарту және еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру есебінен еңбек өнімділігін арттыру.

Құс шаруашылығын дамыту және құс шаруашылығындағы импортты қысқарту бойынша ұсыныстар:

\* етті құс шаруашылығын одан әрі дамытудың стратегиялық міндеті етті тауықтар жұмыртқаларының импортын азайту мақсатында жаңа 1-ші және 2-ші ретті репродукторларды салу және қолданыстағыларын кеңейту болып табылады. Бұл экономикалық тұрғыдан да, отандық құс шаруашылығы кәсіпорындарының ветеринариялық салауаттылығын қамтамасыз ету тұрғысынан да орынды;

\* жем шаруашылығының дамуы;

\* бройлерлік кәсіпорындарды техникалық жаңғырту;

– қазіргі заманғы энергия үнемдейтін және экологиялық таза қондырғыларды пайдалануды қоса алғанда, ескірген жабдықты ауыстыру;

– тұтынушылық буып-түюдің заманауи әдістерін қолдана отырып, ассортиментін кеңейтуге бағытталған дайын өнім цехтарын одан әрі қайта жарақтандыру;

– сою және қайта өңдеу цехтары қызметінің экологиялық зардаптарын барынша азайту мақсатында тазарту құрылыстарын жаңғырту;

– ет шикізатын өңдеудің және дайын өнімді шығарудың барлық кезеңдерінде сапаны бақылау үшін кәсіпорындардың зертханалық базасын жабдықтау;

– әртүрлі санаттағы шаруашылықтар үшін құстың әртүрлі түрлерін экологиялық таза өсірудің ресурс үнемдейтін технологияларын әзірлеу.

Әлемде құс еті өндірісінің қарқынды өсуі бірқатар факторлармен анықталады. Олардың негізгілері: интенсифікәнді өндіріс әдістері, өнеркәсіптік өндірісті орталықтандыру және тік интеграциялау, рентабельділік, жемге қолжетімділік, жоғары деңгейлі механикаландыру, тұтынушыға қолайлы өнім өндіру, қоғамдық тамақтандыру желісін қарқынды дамыту, мұздату жабдықтары мен мамандандырылған көлік, халықаралық сауданың өсуі және ең бастысы, үнемі өсіп келе жатқан тұтынушылық сұраныс.

Құс өнімдері әлемнің барлық континенттерінде танымал. Құс етін тұтынуға діни немесе ғұрыптық кедергілер кедергі келтірмейді. Таза экономикалық факторлардан басқа (ең арзан ретінде) құс еті сау, қоректік, қауіпсіз және басқа ет өнімдерінің

арасында ең қолжетімді өнім болып табылады, өйткені 1 кг құс етінің ақуызын өндіруге арналған азықтық ақуыздың құны шошқа етінен 2 есе, ал сиыр етінен 5 есе төмен. Мал шаруашылығының ең «ерте» саласы ретінде құс шаруашылығында астық ресурстарының шектеулілігі жағдайында жем бірлігіне шаққандағы еттің ең жоғары қайтарымына қол жеткізіледі.

Дүниежүзілік құс етін тұтынуды кеңейтудегі маркетингтің ең маңызды құралы – түпкілікті тұтыну талаптарына сай келетін жартылай фабрикаттар мен жеуге дайын өнімдерді шығару. Мысалы, Солтүстік Америкада құс етін сатудың жалпы көлеміндегі ұшаның үлесі әлемнің басқа аймақтарымен салыстырғанда әлдеқайда төмен және небәрі 20% құрайды, жартылай фабрикаттар 50% астамды құрайды, ал терең өңдеудегі құс еті – шамамен 30%.

Оңтүстік Америкада құс етінің төрттен үш бөлігі ұша түрінде сатылады, ал толық өңделген құс еті шамамен 5%-ды құрайды. Еуропалық қоғамдастық елдерінде құс етінің 55%-ға жуығы ұша түрінде, 20%-ы жартылай фабрикаттар, ал сатылған құс етінің жалпы көлемінің төрттен бір бөлігін терең өңдеу өнімдері құрайды. Жапонияда сатылымның 30% құс етінің ұша түрінде үй жағдайында өңделеді, 61% қоғамдық тамақтандыру жүйесіне және 9% - консервілерге, шұжықтарға және т.б. өнеркәсіптік өңдеуге жіберіледі.

Қазіргі уақытта құс етін терең өңдеу өнімдерінің кең ассортименті бүкіл әлемде сәтті сатылуда: табиғи және туралған жартылай фабрикаттар, сүйексіз ақ және қызыл ет, нан және маринадтардағы құс етінің бөліктері, ветчина мен шұжықтың әртүрлі түрлері, бұйымдар, орамдар және т.б.

#### Қорытынды.

1. Әлемдік құс еті нарығының дамуына Қазақстанда өз үлесін қоса алады деп тұжырымдасақ болады.

2. Қазақстанда құс етін дамыту үшін ресурс үнемдейтін технологияларды дамыту қажет.

3. Қазіргі таңда құс етін өндіріп қана қоймай, құс етін терең өңдеу, әлемдік нарық тенденциясы.

4. Ішкі нарық пен қоса сыртқы нарыққа құс еті бойынша түпкілікті өнім ассортиментін барынша кеңейту, құс етін сатуда үлкен мүмкіндіктер береді.

5. Тұтынушылардың талғамы мен сұранысын артыру мақсатында құс етін өндіру барысында олардың сапасын арттыруға үлкен мән беруді қажет етеді.

[1] Халық бірлігі және жүйелі реформалар–ел өркендеуінің берік негізі. Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы [Электрондық ресурс].- 2021.- URL: <https://www.akorda.kz/ru> (қаралған күні: 25.09.2022).

[2] Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [Электрондық ресурс].-2017.- URL: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs> (қаралған күні: 25.09.2022).

[3] Ауыл-ел бесігі мемлекеттік бағдарламасы [Электрондық ресурс].-2017.-URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu> (қаралған күні:20.09.2022).

[4] Organization for Economic Co-operation and Development (OECD) and the Food and Agriculture Organization (FAO) of the United Nations. Agricultural Outlook [Электрондық ресурс].- 2017.-URL: <https://www.oecd.org/agriculture/oecd-fao-agricultural-outlook> (қаралған күні:20.09.2022).

[5] Ұлттық экономика министрлігі статистика жөніндегі Комитетінің ресми ақпараты [Электрондық ресурс].-2022.-URL:<https://www.stat.gov.kz>. (қаралған күні: 14.10.2022).

[6] Қазақстан құс өсірушілер одағы [Электрондық ресурс].-2021.-URL:<https://www.ptica.kz/> (қаралған күні: 14.10.2022).

[7] Кожабаяева, С.А.Қазақстанның құс шаруашылығы;мәселелері және оларды шешу жолдар/ С.А., Кожабаяева,А. Бактымбет // Проблемы агрорынка.-2021.-№1- Б.115-121. <https://doi.org/10.46666/2021-1-2708-9991.14>

[8] Kozhabayeva, S.A. Poultry sub-sector and fodder production in the Republic of Kazakhstan: current trends and prospects/ S.A. Kozhabayeva // Проблемы агрорынка.-2022.-№1.- P.83-90. <https://doi.org/10.46666/2022-1-2708-9991.09>

[9] Логинова, Д. Трансформация цен на мясо в России и меры политики/ Д.Логинова, ДжудитИрек //Сельскохозяйственная и продовольственная экономика.-2022.-№1.-С.10-21. <https://doi.org/10.1186/s40100-021-00208-1>.

[10] Chowdhury, E. Intelligent Packaging for Poultry /E.Chowdhury, A. Morey // Industry.The Journal of Applied Poultry Research.- 2019.-№28.- P. 791-800. <https://doi.org/10.3382/japr/pfz098>.

[11] Gupta, A.Impacts of intensive poultry farming on 'one health' in developing countries: challenges and remedies/A. Gupta, A.Patyal// Exploratory Animal and Medical Research.- 2020.-№10.-P.100-111.

[12] Ariza, A. The Study of Growth and Performance in Local Chicken Breeds and Varieties/A. Ariza, A.Arando, F.Navas González, S. Nogales, J.V. Delgado, M. Camacho// A Review of Methods and Scientific Transference.



Animals.-2021.-№11.- P.90-112. <https://doi.org/10.3390/ani11092492>.

[13] Radovan, K. The impact of foreign direct investment on agricultural exports: The evidence from developing countries/ K. Radovan // The Journal of International Trade & Economic Development.- 2003.- №11.- P.620-642. <https://doi.org/10.1080/09638199.2023.2175306>

[14] Caratus Stanciu, M. Research regarding consumer's attitude, in relation with poultry meat purchase and consumption/ M. Caratus Stanciu // Scientific papers-series management economic engineering in agriculture and rural development. Romania.- 2020.-№1.- P.125-130. <https://doi.org/000521743100 017>

[15] Кадочников, П.А. Оценка импортозамещения в связи с торговым эмбарго в России / П.А.Кадочников // Экономическая политика.-2019.-№8.- С.8-33. <https://doi.org/10.18288/1994-5124>

### References

[1] Halyq birligi jäne jüieli reformalar—el örkendeuiniñ berik negizi. Memleket bassısy 2021 jylǵy 1 qyrküiektegi Qazaqstan halqyna Joldaıy [The unity of the people and systematic reforms are a solid foundation for the country's prosperity. Address of the head of state to the people of Kazakhstan dated September 1, 2021] (2021). Available at: <https://www.akorda.kz/rus> (date of access: 25.09.2022) [in Kazakh].

[2] Ағроөнеркәсіптік кешенди дамытудың 2017-2021 жылдағы аяналған мемлекеттік бағдамасы [State program for the development of the agro-industrial complex for 2017-2021] (2017). Available at: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs> (date of access: 25.09.2022) [in Kazakh].

[3] Ауыл-ел бесігі мемлекеттік бағдамасы [Ауыл-Ел бесігі state program]. (2017). Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu> (date of access: 20.09.2022) [in Kazakh].

[4] Organization for Economic Co-operation and Development (OECD) and the Food and Agriculture Organization (FAO) of the United Nations. Agricultural Outlook (2017). Available at: <https://www.oecd.org/agriculture/oecd-fao-agricultural-outlook> (date of access: 20.09.2022).

[5] Ұлттық экономика министрлігі статистика жөніндегі Комитетінің ресми ақпараты [Official information of the committee on statistics of the Ministry of national economy] (2022). Available

at: <https://www.stat.gov.kz> (date of access: 14.10.2022) [in Kazakh].

[6] Qazaqstan qūs ösiruşiler odaǵy [Union of poultry farmers of Kazakhstan] (2021). Available at: <http://ptica.kz> (date of access: 14.10.2022) [in Kazakh].

[7] Kozhabayeva, S.A. & Baktymbet, A. (2021). Qazaqstannyñ qūs şaruashylyǵy; мәселелері және оларды шешу жолдар [Poultry farming of Kazakhstan; problems and ways to solve them]. *Problemy agrorynka-Problems of Agri Market*, 1, 115-121 [in Kazakh].

[8] Kozhabayeva, S.A. (2021). Poultry subsector and fodder production in the Republic of Kazakhstan: current trends and prospects. *Problems of AgriMarket*, 1, 83-90.

[9] Loginova, D. & Juditirek (2022). Transformasiya sen na mäso v Rosii i mery politiki [Transformation of meat prices in Russia and policy measures]. *Selskohozäistvennaia i prodovölstvennaia ekonomika - Agricultural and food economics*, 1, 10-21 [in Russian].

[10] Chowdhury, E. (2019). Intelligent Packaging for Poultry Industry. *The Journal of Applied Poultry Research*, 28, 791-800.

[11] Gupta, A. & Patyal A. (2020). Impacts of intensive poultry farming on 'one health' in developing countries: challenges and remedies. *Exploratory Animal and Medical Research*, 10, 100-111.

[12] Ariza, A., Arando, A., Navas González, F., Nogales, S., Delgado, J.V., Camacho, M. (2021). The Study of Growth and Performance in Local Chicken Breeds and Varieties. *Review of Methods and Scientific Transference. Animals*, 11, 90-112.

[13] Radovan, K. (2003). The impact of foreign direct investment on agricultural exports: The evidence from developing countries. *The Journal of International Trade & Economic Development*, 11, 620-642.

[14] Caratus, S.M. (2020). Research regarding consumer's attitude, in relation with poultry meat purchase and consumption. *Scientific Papers-Series management, Economic Engineering in Agriculture and Rural Development*. Sibiu, Romania, 1, 125-130.

[15] Кадочников, П.А. (2019). Оценка импортозамещения в связи с торговым эмбарго в России [Assessment of import substitution in connection with the trade embargo in Russia]. *Ekonomicheskaja politika-Economic policy*, 8, 8-33 [in Russian].

### Авторлар туралы ақпарат:

Абилдаев Султан – негізгі автор; Ph.D докторы; «Экономика» кафедрасының қауымдастырылған доценті; М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті; 080000 Сулейманов көш., 7, Тараз қ., Қазақстан; e-mail: [sultan\\_feb@mail.ru](mailto:sultan_feb@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0002-7525-5097>



*Амалбекова Гүлмира*; экономика ғылымдарының кандидаты; «Экономика» кафедрасының қауымдастырылған доценті; М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті; 080000 Сулейманов көш., 7, Тараз қ., Қазақстан; e-mail: baken\_t@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9622-6263>.

*Муратова Диана Балтабайқызы*; экономика ғылымдарының кандидаты; доцент м.а. “Қаржы және есеп” кафедрасы; М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті; 080000 Сулейманов көш., 7, Тараз қ., Қазақстан; e-mail: muratova\_diana77@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-1884-1145>

#### Information about authors:

*Abildaev Sultan – The main author*; Ph.D; Associate professor of the Department of Economics; M.Kh. Dulaty Taraz Regional University; 080000 Suleymanov str., 7, Taraz, Kazakhstan; e-mail: sultan\_feb@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-7525-5097>.

*Amalbekova Gulmira*; Candidate of Economics Sciences; Associate Professor of the Department of Economics; M.Kh. Dulaty Taraz Regional University; 080000 Suleymanov str., 7, Taraz, Kazakhstan; e-mail: baken\_t@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9622-6263>.

*Muratova Diana*; Candidate of Economic Sciences; Acting Associate Professor of the Department of Finance and Accounting; M.Kh. Dulaty Taraz Regional University; 080000 Suleymanov str., 7, Taraz, Kazakhstan; e-mail: muratova\_diana77@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-1884-1145>

#### Информация об авторах:

*Абилдаев Султан – основной автор*; доктор Ph.D; доцент кафедры «Экономика»; Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати; 080000 ул. Сулейманова, 7, г.Тараз, Казахстан; e-mail: sultan\_feb@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-7525-5097>

*Амалбекова Гүлмира*; кандидат экономических наук; доцент кафедры «Экономика»; Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати; 080000 ул. Сулейманова, 7, г.Тараз, Казахстан; e-mail: baken\_t@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0001-9622-6263>.

*Муратова Диана Балтабаевна*; кандидат экономических наук; и.о. доцента кафедры “Финансы и учет”; Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати; 080000 ул.Сулейманова, 7, г.Тараз, Казахстан; e-mail: muratova\_diana77@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-1884-1145>